

«Бекітемін» Ғ.М.А. Нұсая
№10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы
№1 педагогикалық кеңес шешімімен
31.08.2023 ж.



«Биле –биле, балақай!» вариативтік компонентінің
МЕКТЕП АЛДЫ ТОПТАРЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Би жетекшісі:
Талхиева Ғ.П.

Түсіндірме жазба

Оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығының 1-қосымшасы) және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып құрылды. Оқу жоспары 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналып жасалды. Оқу жоспары балабақшаның 2023 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып, бекітілді.

2023-2024 оқу жылында вариативтік компонентті балалардың жас шамасын ескере отырып, олардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Биле, биле балақай» атты жұмыс күннің II жартысында ұйымдастырылып жүргізіледі. Жылына 36 сағат, аптасына 1 сағаттан өткізіледі. Би шығармашылығы-әлемді көркемдік тұрғыдан танудағы көркем өнердің ең көне түрлерінің бірі. Би өнерінің балабақшада балаларды өнерге баулып, оларға эстетикалық тәрбие беруде маңызы зор. Ол баланы музыка тыңдауға, ырғақты сезініп, мәнерлі қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеп, дене бітімінің сымбатты болып өсуіне жол ашады. Мектеп жасына дейінгі хореографиялық негіз алған балалар жеткілікті түрде мықты қимыл қозғалыс дағдысы мен қабілетін меңгерумен қатар, жақсы есте сақтау, зейін, ұшқыр қиялмен ерекшеленеді. Баланың эстетикалық, физикалық және рухани ойлау қабілеттерін тәрбиелеуге де қомақты әсерін тигізеді.

Мақсаты: Балалардың денсаулығын нығайта отырып, ой –өрісін, білім деңгейін жетілдіру, көңіл күйін көтеру, музыкалық ырғаққа сай, дене қимылын дамыту. Сұлулық, сымбаттылық келбеттерін қалыптастыру. Достық қарым қатынасқа баулиды.

Міндеті: Бала денсаулығын нығайтуды, музыкалық ырғақты, қарқынды сезінуді, биді мәнерлеп орындауды, олардың жекелеген элементтерін меңгеруді іске асырады.

Күтілетін нәтиже: Би іс-әрекеті үстінде әр бала бидің бар қимылын орындап қоймай, биге қызығушылығын ынталандыра, музыка ырғағына сәйкес, мәнерлі көрсетуді игереді.

Қыркүйек айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Би элементтері	Ойын-жаттығу
1	«Қазақ биі»	Балаларға мәнерлі қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету. Балалардың дене сымбаттылығын арттырып, денсаулығын нығайту.	«Айна», «Қошқар мүйіз» қимылдары	«Отырып билейміз» Тынығу жаттығу
2	«Қазақ биі»	Балаларға бидің қимылдарын үйрете отырып, жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкаға сәйкес өзгерту.	«Қошқар мүйіз» қимылы	«Досыңды тап» Релаксация
3	Классикалық қалыптар	Балалардың иілгіштігін дамытып, классикалық қалыптармен таныстыру. Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.	«Плие қимылы» «Деми плие»	«Бәріміз билейміз»
4	Классикалық қалыптар	Әуенді қабылдай, тыңдай отырып, оны сезіне білуге үйрету. Сымбатты дене мүсінін қалыптастыру.	«Гран плие»	«Көңілді серуен»

Қазан айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Би элементтері	Ойын-жаттығу
5	«Жаңбыр» биі	Күз мезгілінің құбылыстарымен таныстырып, әуенге сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.	«Полька» жүрісі	Д/ойын: «Қанаттар»
6	«Жаңбыр» биі	Биге қызығушылықтарын арттырып, жаңбыр биінің ерекшеліктерін түсіндіру.	« Аяқ ұшымен жүру, жүгіру» қимылы	Д/ойын: «Көңілді серуен»
7	«Саңырауқұлақтар» биі	Түрлі бидегі қимылдарды ырғақты, мәнерлі билеуге үйрету Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерістерге сәйкес қимылдарды үйрету.	Аяқтарының ұшын созу, оңға-солға бұрылу	Д/ойын: «Хоровод-танысу»
8	«Саңырауқұлақтар» биі	Балалардың қимылдарын арттырып, тез, әдемі орындауын қадағалау. Би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына қарай би қимылын шығару.	Жарты, толық шеңберде айналып, кері орындарын табу.	Д/ойын: «Реквизит орамал»

Қараша айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Би элементтері	Ойын-жаттығу
9	«Вальс»	Балаларға «Вальс» биінің негізгі қимылдарымен таныстыру.	«Қайық» қимылы Әуенге сәйкес қимыл жасату.	Д/ойын: «Гитарамен соло»
10	«Вальс»	Би қимылының элементтерін нәзік,бірдей,әдемі орындауға үйрету.	Екі жанына әдемі теңселу Аяқтың ұшынан бастап,түгел табанға басу.	Д/ойын: «Би жарысы»
11	«Аққулар» биі	Балаларға құстар туралы мағұлмат бере отырып,қимылдарынан әсемдікті,сұлулықты әңгімелей отырып,нақты орындау шеберлігін арттыру.	Аяқтың ұшына созылып, қанат қағу қимылы. Шеңберге ,жарты шеңберге тұру.	Д/ойын: «Серуен»
12	Аққулар» биі	Би қимылдарын одан әрі билей білуге үйрету.Балалардың бойында нәзіктік сезімін дамыту. Билеу кезінде денені еркін қозғалта білу шеберліктерін арттыру.	«Қанат қағу қимылы»	Д/ойын: «Жүзгіштер-сүңгуірлер»

Желтоқсан айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Би элементтері	Ойын-жаттығу
13	«Аққала» биі	Балаларға әсем әуен арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдар арқылы әуенмен қозғала білуін үйрету.	Аққала биінің қимылдарымен таныстырып, үйрету.	Д/ойын: «Теңіз толқыны»
14	«Аққала» биі	Өздерін жеңіл, еркін қозғалу шеберліктерін арттыру.	Бидің аяқ қимылдары мен қол қимылдарын орындау.	Д/ойын: «Танысу»
15	«Көңілді күлдіргендер» биі	Қыс туралы түсінік беріп, би мәнерлеп орындауға ұғындыру. Би ырғағын түсіндіріп, аяқ қимыл қозғалыстарын үйрету.	Аяқтың ұшымен жүру. Қолдарын жанына созып жүру.	Д/ойын: Атбегілер мен шабармандар»
16	«Көңілді күлдіргендер» биі	Үйренген би қимылдарын естеріне түсіріп, бидің мазмұнын аша білуге үйрету. Күлдіргенге тән қасиеттерді ұғындыра отырып, би элементтерін үйрету.	Шеңбер бойымен шатасай орындауға үйрету.	Д/ойын: «Концерт»

Қаңтар айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Би элементі	Ойын-жаттығу
17	«Қыс қызығы» биі	Балаларға жылдамдықты, тепе-теңдікті үйрету. Музыкалық қабілетін дамыту.	Аяқтың ұшына көтеріліп жүру. Қолдарын жандарына созу.	«Отырып билейміз» Тынығу жаттығу
18	«Қыс қызығы» биі	Балалардың шығармашылығын, биге қызығушылығын арттырып, биді тез, әдемі орындауға үйрету.	Аяқтың ұшымен, өкшемен табанның ішкі-сыртқы қырымен жүру.	«Досыңды тап» Релаксация
19	«Аяз өрнектері» биі	Бидегі орындалатын жұптық қимылдарды ерекше, шатыспай аяқ қимылдарына зор мән беру.	Қол, аяқ, бас иық қимылдарын үйрету.	«Тізбек»
20	«Аяз өрнектері» биі	Балалар музыкалық таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету. Балалардың шығармашылығын дамыту.	Бір орнында айналу, шеңбер бойымен арақашықтық сақтап билеу.	«Стоп-кадр»

Ақпан айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Би элементі	Ойын-жаттығу
21	Ырғақты би	Балалардың көңіл-күйін көтеріп,бидің әуенін тыңдатып,қимылдар арқылы әуенмен қозғала билеуін көрсете білу.Өзін қозғала білу,шеберлігін арттыру.	Қол мен аяқ қимылдарын көрсету.	Шапшаң жұп
22	Ырғақты би	Музыканың бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгертіп өз бетінше орындауға үйрету.	Аяқ қимылы мен дене қозғалыстарын көрсету.	«Қанаттар»
23	«Буратино» биі	Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамытып,шапшаңдыққа үйрету.Биге деген қызығушылықтарын,күштарлығын ояту.	Орындарында аяқты алмастыра айналу қимылы	«Аққулы көл»
24	«Буратино» биі	Билеу кезінде өздерін жеңіл қозғала білу шеберліктерін арттыру.Балалардың қимыл-қозғалыс жасау шеберліктерін арттыру.	Шеңбер бойында подскок» қимылын шатаспай орындау	«Көңілді серуен»

Наурыз айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Би элементі	Ойын-жаттығу
25	«Қара жорға» биі	Қазақ би өнерімен таныстыруды жалғастыра отырып, балаларға «Қаражорға»биін биін билету.	Буын қимылдары Білек,тізе қимылы	«Теңіз толқиды»
26	«Қара жорға» биі	«Қара жорға» биінің ырғақтарын үйретуді жалғастыру.Балаларды би ырғақтарын үйретуді жалғастыру. Би қимылын мәнерлі нақышына келтіріп шеберлікпен орындауға үйрету.	Иық қимылы Бас қимылы Саусақ қимылы	«Танысу»
27	«Бұраң бел» биі	Балаларға қазақ биін билеу кезінде аяқтың, қолдың, белдің әдемі қозғалуын қадағалау.	«Айна», «Қошқар мүйіз», «Қызғалдақ» қимылы	«Желкендер»
28	«Бұраң бел» биі	Балаларға жылдамдықты, тепе-теңдікті үйрету.Музыкалық қабілетін дамыту.Әуенді тыңдау арқылы оның мазмұнын ажыратуға үйрету.	«Айна»,»Қошқар мүйіз», «білезік» қимылдары	«Мұз сұңгуірлер»

Сәуір айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Би элементі	Ойын-жаттығу
29	«Қызыл телпек» биі	Балдардың музыкалық қабілеттерін дамыта отырып, қосалқы және ауыспалы қадам жасау қимылдарын одан әрі жетілдіру.	«Полька» қимылы Шахмат ретімен тұра білу	«Концерт экстроли»
30	«Қызыл телпек» биі	Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу дағдыларын, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерте білу қабілеттерін арттыру.	Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен секіріп билеу.	«Барлығымыз билейміз»
31	«Домбыра» биі	Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, белгілі әуенге қимылдарын шатаспай орындап, қайталауын қадағалау.	Диогональ, үшбұрыш қимылдарын үйрету	«Хоровод-танысу»
32	«Домбыра» биі	Балаларға театрландырылған композициялық сюжетті қойылым туралы түсінік беру. Көңіл-күйлерін көтеру.	Домбыра инструментін ұстап үйрену.	«Кел – билейік»

Мамыр айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Би элементі	Ойын-жаттығу
33	«Табиғат тіршілігі»	Әуеннен әсер алып,ырғақтың динамикасын есту,тыңдау. Сезініп биді толық әуен мазмұнына сәйкестендіре орындауға үйрету.	Аяқтың ұшына созылып,орындарында Жеңіл айналу.	«Гитарамен соло»
34	«Табиғат тіршілігі»	Бидегі қолдың негізгі қимылын,қадамдарын үйрету.Тепе-теңдік сақтауға, кеңістікті дұрыс пайдалана білуді үйрету.	Қолдарын жоғарыға әдемі созу.	«Би жарысы»
35	«Шығыс» биі	Әуенге сай бидің әдемі қимылдарын орындау.Балалардың эстетикалық талғамын ояту.	Оңға-солға иілу	«Серуен»
36	«Шығыс» биі	Би қимылдарын музыкаға сәйкес орындарындайды.Жеңіл би элементтерін еркін орындайды.Қозғалыс бағытын музыкаға сәйкес өзгертеді.	Бөксе қимылы	« Шторм»